



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№18 (1976) 26 МАМЫР 2025 ЖЫЛ

Алматыдағы ҚР
Ұлттық кітапханасын-
да «Ана тілі» газетінің
құрылғанына 35 жыл
толуына орай салта-
натты іс-шара өтті.

Ұлттық бірегейліктің ҰЙЫТҚЫСЫ

Шарада Әл-Фараби атын-
дағы ҚазҰУ-дың Басқарма
Төрағасы – Ректор Жансейіт
Түймебаев құттықтау сөз сөй-
леп, «Ана тілі» газетінің қоғамдық
пікірді қалыптастырудағы және
қазақ тілін қолдаудағы маңыз-
дылығын атап өтті.

Ректор Жансейіт Түймебаев
бұл басылым оқырмандарды
елдегі және әлемдегі оқиғалар
туралы хабардар етіп қана
қоймай, мәдени мұра мен
ұлттық бірегейліктің дамуына
ықпал ететінін атап айтты.

«Газет қоғамның өзекті мә-
селелерін қозғайды және
қазақ зиялыларының, білікті
журналистер мен тәжірибелі
журналист-ғалымдардың
әлеуетін біріктіреді. Мемле-



кеттік қолдаудың және кәсіби
шығармашылық ұжымның ең-
бегінің нәтижесінде басылым
мазмұны жаңарып, сапалы
деңгейге көтерілді. Әр жыл-
дары газетті Жарылқап Бей-
сенбайұлы, Жұмабек Кенжа-
лин, Мереке Құлкенов,
Бауыржан Омарұлы, Мақсат
Тәж-Мұрат, Самат Ибраим,
Қали Сәрсенбай, Жанарбек
Әшімжан сияқты журналис-
тер басқарды.

Бүгінгі таңда «Ана тілі» ба-
сылымымен қатар, «Қазақ
газеттері» серіктестігінің
құрамына кіретін бірнеше
басылым мерейтойларын атап
өтуде.

Жалғасы 2-бетте



Қос тарап бірлесіп жұмыс істеуге уағдаласты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев
Көз аурулары Қазақ ҒЗИ бас директоры, медицина
ғылымының докторы, жоғары дәрежелі дәрігер
Нейля Алдашевамен кездесті.

Айта кетейік, ҚазҰУ мен
Көз аурулары Қазақ ғылыми-
зерттеу институты өзара се-
ріктестік туралы меморан-
думға қол қойған болатын.
Келісім аясында қос тарап
студенттердің тәжірибелік бі-
ліктіліктерін арттыруда, ортақ
конференциялар мен форум-
дар өткізуде, ғылыми зерт-
теулер жүргізуде бірлесіп жұ-
мыс істейді.

Жүздесуде оқу ордасының
басшысы Жансейіт Түймебаев

университет пен институт
арасында жасалған келісім
болашақта ауқымды жоба-
ларды жүзеге асыруға мол
мүмкіндік беретінін атап өтті.
Сонымен қатар ректор Көз
аурулары Қазақ ҒЗИ-да жұ-
мыс істейтін білімді және
тәжірибелі мамандарды білім
ордасында дәріс оқуға ша-
қырды.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ

Диссертациялық кеңес қызметі талқыланды

Әл-Фараби атын-
дағы ҚазҰУ-да кезекті
Ғылыми кеңес өтті. Күн
тәртібінде университет
жанындағы диссертаци-
ялық кеңестің
қызметі талқыланды.

Аталған тақырып бойынша
басты баяндаманы Ғылым және
инновациялық қызмет департа-
ментінің директоры Қуаныш

Тастамбек, ал қосымша баян-
даманы география және таби-
ғатты пайдалану факультетінің
деканы Әлия Ақтымбаева жа-
сады.

Басты спикер диссертация-
лық кеңестерге қойылатын не-
гізгі талаптарды тізіп шықты.
Атап айтқанда докторантура
бағдарламасы бойынша білім
беру қызметін жүргізуге лицен-
зияның болуы қажет, ол кемінде
үш жыл мерзімге аккредиттелген

білім беру бағдарламаларының
тізіміне енгізілуі тиіс. Диссертаци-
ялық кеңестің құрамы жеті
адамнан аспауы қажет және
оның үш мүшесі басқа білім беру
ұйымдарының өкілдері болып,
уақытша тағайындалуы тиіс.
Сондай-ақ төрт мүшенің соңғы
бес жылдағы халықаралық ре-
цензияланған ғылыми журнал-
дарда жарияланымдары болуы
шарт.

Жалғасы 2-бетте



3-бет

Жаңа ғылыми
бағытқа жол
салған ғалым



4-бет

Гүлжан МЕЙІРМАНОВА:
Біз «альфа
ұрпақты»
тәрбиелеудеміз



5-бет

Түркі
дүниесінің
болашағына
нақты қадам



Соңы. Басы 1-бетте

«Мысль» қоғамдық-саяси журналына – 105 жыл, «Ақ желкен» журналына – 100 жыл, балалар басылымы – «Ұлан» газетіне 95 жыл толды. Аталмыш басылымдарда жұмыс істейтін журналистердің көпшілігі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінің түлектері. ҚазҰУ бүгінде ұлттық журналистиканың ұстаханасы болып табылады және қазақ газеттерімен тығыз байланыс орнатқан», – деп атап өтті ректор.

Іс-шараға мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері, белгілі қаламгерлер, журналистер және басқа да құрметті қонақтар жиналды. Қатысушылар газеттің жетістіктерін, оның қазақ журналистикасының дамуына қосқан үлесін айрықша атап өтті.

Жиын соңында «Қазақ газеттері» ЖШС-нің бірқатар

Ұлттық бірегейліктің ұйытқысы



журналистері ҚазҰУ-дың «Farabi» алтын медалімен және

«Ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Әйелдер құқықтары және қорғау механизмдері: стандарттардан – қолдауға дейін» атты семинар өтті.

Жиында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор Еркін Дүйсенов қатысушыларды білім ордасы атынан құттықтап, университеттің жетістіктері, интеллектуалдық әлеуеті және оның мәртебесін ерекше атап өтті.

Семинарда Астана қаласындағы ОБСЕ бағдарламаларының адам өлшемі бөлімінің басшысы Николас Мазик, ҚР Әділет министрлігіне қарасты Тіркеу қызметі және заң қызметтерін ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасары Шолпан Бекенова сөз сөйледі. Олар әйелдердің құқықтарын қорғауға бағытталған халықаралық міндеттемелер мен шаралар туралы баяндады.

Сондай-ақ жиында гендер-

Семинар тақырыбы – әйелдер құқықтары



лік теңдік, әйелдер құқықтары және тұрақты даму саласындағы сарапшы Аида Әлжанова «Қазақстанның әйелдер құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық міндеттемелері», Алматы қалалық адвокаттар

алқасының адвокаты Жанна Оразбақова «Жыныстық қылмыстар бойынша істерге қатысу ерекшеліктері» тақырыбында баяндама жасады.

Гүл БАЯНДИНА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне шетелдік жоғары оқу орындары мен институттардың ректорлары және өкілдері арнайы жұмыс сапарымен келді.

Делегация құрамында Алгебра Бернейс университетінің ректоры Мислав Балкович, Лондон университетінің проректоры Джоанн Лил, Астон университетінің халықаралық байланыс жөніндегі басшысы Юлия Уиттем, Ньютон университетінің канцлері Анна Плехата, Бангор университетінің халықаралық байланыс жөніндегі өкілі Джессика Морган, Роберта Гордон университетіндегі бизнесті дамыту бөлімінің басшысы Сара Хиллиер бар.

Құрметті қонақтарды Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор Еркін Дүйсенов қарсы алып, ҚазҰУ-дың шетелдік университеттермен серіктестігі туралы ақпарат берді. Сонымен қатар

Шетелдік университеттермен серіктестік



проректор оқу ордасы шетелдік әріптестермен оқытушылар мен студенттер алмасу, ортақ ғылыми жобаларды жүзеге асыру, қосдипломдық білім беру бағдарламасын іске қосу бойынша жұмыстарды

жүргізуге дайын екенін айтты. Делегация мүшелері ҚазҰУ мұражайын аралап, білім ордасының тарихы мен жетістіктері жөнінде ақпарат алды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Диссертациялық кеңес қызметі талқыланды

Соңы. Басы 1-бетте

Еліміз бойынша диссертациялық кеңестердің статистикасына сәйкес, 2023 жылы 234 докторант диссертация қорғаса, оның 143-і ҚазҰУ-дан қорғалған. 2024 жылы қорғалғандар саны 317 адамға жетсе,

орналасқан. Осылайша бакалавриат түлектерінің 78 пайызы жұмысқа орналасса, оның 71 пайызы педагогикалық мамандықтар бойынша, 85 пайызы медициналық және 77 пайызы басқа мамандықтар бойынша жұмыс орындарын тапқан. Магистратура түлекте-



олардың ішінде 147-сі ҚазҰУ докторанттары. Департамент директоры екі мерзімнен кейін диссертациялық кеңестердің төрағаларын қайта сайлау туралы ұсыныс айтты.

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев докторлық диссертацияларды қорғауға қатысты әр факультет бойынша жол картасын жасауды және осы бағыттағы жұмысты жандандыруды тапсырды.

Ғылыми кеңестегі екінші мәселе білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдастыруға арналды. Бұл туралы Академиялық мәселелер департаментінің директоры Бақыт Рахымбекова баяндады. Бүгінде ҚазҰУ студенттері педагогикалық, өндірістік, диплом алдындағы және оқу тәжірибесі сияқты төрт түрін өтеді.

«Атамекен» ҰКП мәліметтері бойынша университетті тамамдаған 2024 жылғы түлектер бір жыл өткен соң орта есеппен 87 пайызы жұмысқа

рінің 84 пайызы жұмысқа орналасудың жоғары деңгейін көрсетсе, докторанттар 100 пайыз жұмыспен қамтылған.

Кәсіби практиканы ұйымдастыруды жақсарту үшін спикер факультеттердің жұмыс берушілер кеңесін және кадрларды даярлау жөніндегі академиялық комитеттерді жандандыруды ұсынды. Жұмыс берушілермен, практика базаларымен кері байланысты нығайту және үнемі практика орындарына барып тексерулерді ұйымдастыру ұсынылады. Сондай-ақ шығарушы кафедраның практика базаларымен шарттар жасасқаны үшін жауапкершілігін күшейту, индикативтік жоспарға кәсіби практиканы ұйымдастырудың тиімділігі бойынша көрсеткіштерді қосу және автоматтандырылған сүйемелдеу үшін LMS/Univer модульдік цифрлық тректі енгізу бойынша ұсыныстар айтылды.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ



Қазақстанда коллоидты-химиялық ғылыми мектебінің негізін қалаушы, ҚР Жоғары мектеп ҒА, Қазақстан жаратылыстану ғылымдары академиясының, Нью-Йорк ҒА академигі, Англияның Корольдік химия қоғамының мүшесі, Коллоидниктердің халықаралық ассоциациясының (IACIS) және Коллоидниктердің Еуропалық қоғамының (ECIS) мүшесі, химия ғылымының докторы, профессор Қуанышбек Мұсабеков 85-ке толды.

Жаңа ғылыми бағытқа ЖОЛ САЛҒАН ҒАЛЫМ



Ғыттың көкейтестілігі халық шаруашылығының көптеген, атап айтқанда қиын еритін табиғи және технологиялық дисперсиялардың коагуляция процестері, пайдалы кендер мен байыту фабрикаларының қалдықтарын флотациялық байыту, топырақтардың сулы және желді эрозиясын болдырмау, лангирлеуші әсері бар дәрі-дәрмектік препараттар жасау, дәрі-дәрмектік эмульсиялар алу және осы сияқты т.б. маңызды мәселелерін шешу қажеттілігімен байланысты. Аталған мәселелерді шешуде профессор Қ.Мұсабеков қызметкерлермен бірге дәстүрлік емес және қол жетерлік тәсілі – суда еритін полимерлерден (СЕП), мысалы, синтетикалық полиэлектролиттерден (СПЭ) және беттік-активтік заттардан (БАЗ) композициялар жасады. Бұл компоненттердің әрекеттесу өнімдері – полиэлектролиттік кешендер (ПЭК) – олардың жеке компоненттерінің қасиеттерінен басқа да жаңа қасиеттер көрсететін жоғары молекулалық БАЗ-дың жаңа класы болып саналады.

1987-95 жж. Қ.Мұсабеков химия факультетінің деканы болып қызмет етті. Осы жылдары профессор Қуанышбек Битуұлы және химия пәнінің Республикалық оқу-әдістемелік орталығы, коллоидтық химиядан кандидаттық диссертация қорғайтын арнайы кеңес ашылды. Факультет ұжымы іргелі және қолданбалы ғылыми жұмыстардың нәтижесін, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттыруда көптеген табыстарға жетті.

Қ.Мұсабековтің ғылыми зерттеулері 1000-нан астам жұмыстарда көрсетілген. Олардың кейбіреуі халықаралық, бүкілодақтық және республикалық симпозиумдар мен конференцияларда талқыланды. Б.Жұбанов, В.Измаилова, Б.Суммен бірге жазылған «Полиэлектролиттердің фазааралық қабаттары» атты монографияда орыс тілінде тұжырымдалған. Профессор Қ.Мұсабековтің ғылыми бағытының практикалық маңыздылығы 40-тан астам КСРО-ның авторлық куәліктері және ҚР патенттерімен расталған.

Профессор Қ.Мұсабеков алыс және жақын шетелдердің көптеген ғалымдарымен тығыз ғылыми байланыс жасап тұрады. Олар: Ресей, Украина, Өзбекстан, Венгрия,

Англия, Голландия, АҚШ, Испания, Германия, Болгария және т.б. Ол бірнеше рет ғылыми іссапарда болып, осы аталған елдерде және Түркия, Финляндия, Қытай, Франция елдерінде өткен халықаралық симпозиумдар мен конференцияларда Қазақстандық коллоидты-химиялық мектебінің жетістіктерін паш етті.

Соңғы кезде философия докторларын даярлау бағдарламасы бойынша оның шәкірттері Империял колледжде (Ұлыбритания), Сегдет университетінде (Венгрия), «Демокрит» ғылыми орталығында (Греция) ғылыми іссапарда болып машықтанса, олардың шетелдік жетекшілері ҚазҰУ-дың докторант, магистрант және студенттеріне дәріс беруде.

Профессор Қ.Мұсабековтің басшылығы және авторластығымен жазылған кафедрадағы көптеген оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, коллоидтық химияның терминологиялық сөздіктері мен орысша-қазақша түсіндірме сөздіктері кафедрада оқитын студенттерді оқу құралдарымен екі тілде де толық қамтамасыз етеді.

Профессор Қ.Мұсабековтің мамандар даярлаудағы табысты ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттері ескеріліп, ол «Социалистік жарыстың жеңімпазы» (1975 ж.), ҚазКСР ЖОО министрлігінің мақтау грамотасымен, «Білім беру озаты» (1998 ж.), ҚР Мемлекеттік ғылыми стипендиясымен (2004-05 жж.), 2007 және 2013 жылдардың «ЖОО үздік оқытушысы» атағымен, ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойына орай, университеттің «Үлкен алтын медалімен» (2009 ж.) марапатталды.

Ұлағатты ұстаздың терең білімімен сусындаған және оның жетекшілігімен кандидаттық және докторлық қорғаған шәкірттері бүгінде республикамыздың көптеген ЖОО-ларында оқу процестерін және ғылыми мекемелерде ғылыми жұмыстарды одан әрі дамытуда үлкен үлес қосуда.

Профессор Қ.Мұсабековтің ұйымдастыруымен Алматы қаласында университеттің Коллоидтық химия кафедрасы негізінде коллоидтық химия және физика-химиялық механика бойынша КСРО ҒА Ғылыми кеңесінің БАЗ-дардың физика-химиясы секциясының сессиясы (1989 ж.), «Коллоидтар және фазааралық беттер» атты халықаралық микросимпозиум (1998 ж.), «Коллоидтар және фазааралық беттер» атты республикалық конференция (2010 ж.), «Коллоидтар және фазааралық беттер» атты халықаралық конференция (2012 ж.) және «Коллоидтар және фазааралық беттер» атты III халықаралық конференция (2015 ж.) өтті.

**Әзімбек ҚОҚАНБАЕВ,
Сағадат ТӘЖІБАЕВА,**

Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының профессорлары

Алматы қаласындағы №201 мектеп-гимназиясында жоғары сынып оқушылары мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жас ғалымдары арасында «Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі химияның рөлі» тақырыбында мазмұнды ғылыми-танымдық кездесу өтті. Бұл басқосу еркін форматтағы пікір алмасуға, заманауи ғылымның қоғамдағы орны туралы ортақ ой түйуге және жас ұрпақтың ғылыми қызығушылығын арттыруға бағытталды.

Жас ғалымдар мен мектеп оқушылары диалогы

Өз кіріспе сөзімде мен тұрақты дамудың экологиялық тепе-теңдік, әлеуметтік әділеттілік және экономикалық орнықтылық сияқты негізгі тіректеріне тоқталып, олардың өзара байланысын түсіндірудің маңызын атап өттім. Сонымен қатар химия ғылымының қазіргі әлемдегі өзекті экологиялық, энергетикалық және технологиялық мәселелерді шешуге бағытталған қуатты құрал екенін көрсете отырып, молекулалық деңгейден бастап, өндірістік процестерге дейінгі аралықта нақты шешімдер ұсынуға қабілетті екеніне назар аудардым. Химияны тек оқу пәні ретінде емес, қоршаған орта мен қоғам алдындағы жауапкершілікке баулитын іргелі ғылым ретінде ұғынудың маңызына ерекше мән берілді.

Жас ғалымдар – Қайрат Кеңес, Ерасыл Жолдас және Жандос Оразовтар химияның су тазарту, энергия үнемдеу және жасыл технологиялар салаларындағы маңызын ғылыми мысалдармен нақтылап жеткізді. Олар өз зерттеулерінде экологиялық материалдар, сирек жер элементтері және қалдықтарды қайта өңдеу тақырыптарын қамтыды. Мәселен, Жандос Оразов суды сүзу және сорбция арқылы тазарту әдістерінің әлеуметтік маңызын баяндады. Ерасыл Жолдас бораттар негізіндегі люминофорлар арқылы LED жарық көздерін жетілдіруді түсіндіріп, олардың экологиялық қауіпсіздігіне баса көңіл бөлді. Қайрат Кеңес жасыл өндіріс және биодеградация тақырыбында өз тәжірибесін бөлісіп, қалдықтардың ресурстық маңызын ашып көрсетті.

Пікірталас барысында оқушылар ғылым жолындағы тәжірибе, мүмкіндіктер мен қиындықтар туралы сұрақтар қойып, жас ғалымдардың шынайы ой-толғауына куә болды. Олар

ғылыммен айналысудың кей сәттерде күрделі болатынын, алайда әр тәжірибенің жаңалыққа бастайтынын, ең бастысы – бұл жолдың адамзат пен табиғатқа нақты пайда әкелетінін атап өтті. Сонымен қатар қазіргі заманғы құрал-жабдықтармен жабдықталған зертханаларда жұмыс істеудің маңызына тоқталып, ғылыммен шұғылдануды таңдаған жастар үшін университеттің зерттеу инфрақұрылымы шешуші рөл атқаратынын жеткізді. Нобель лауреаттары шыққан әлемдік университеттер мысалында олар ғылыми ортаның сапалы жабдыкталуы мен қолайлы ахуалы үлкен жетістіктердің негізі екенін нақты мысалдармен түсіндірді. Шетелдік тағылымдамалар кезінде заманауи зертханаларда жұмыс істеудің мүмкіндігі мен мотивацияны арттыратыны да айтылды. Жас ғалымдар оқушыларды ғылымға деген қызығушылықтарын сақтап, көп сұрақ қойып, тәжірибеден қорықпай алға ұмтылуға шақырды.

Семинар соңында ҚазҰУ профессоры Қ.Бекішевтің ғылыми еңбектері мектептің Рабиға Қалабаева атындағы химия кабинеті кітапханасына салтанатты түрде тарту етілді. Бұл ұстаздар мен жас ұрпақ арасындағы ғылыми сабақтастықтың айғағы болды.

Осындай тағылымды кездесудің жоғары деңгейде өтуіне қолдау көрсетіп, ғылыми орта қалыптастыруға мүмкіндік жасаған №201 мектеп-гимназиясының директоры Арайлым Шамоваға, үйлестіруші, директордың орынбасары Жұлдыз Иманалиеваға, сондай-ақ химия пәні мұғалімдері Динара Жұмаділқызы мен Ділназ Қайырғалиқызына ерекше алғысымызды білдіреміз.

Майра ҚАСЕНҚЫЗЫ,
химия ғылымының кандидаты

ҮЗДІК ОҚЫТУШЫҒА БЕС САУАЛ

1. Сіздіңше, ЖОО-ның «Үздік оқытушысы» қандай болуы керек, қандай талаптарға (педагогикалық, психологиялық және т.б.) жауап беруге тиіс?
2. Пәніңіз бойынша оқу бағдарламасы көңіліңізден шыға ма, сіздің ойыңызша, оны жетілдіру үшін не істеуге болады?
3. Білікті маман даярлауда қандай жетістіктеріміз бар?
4. Жастардың білім деңгейі көңіліңізден шыға ма?
5. «Қоғам сауатсызданып барады» деген көзқараспен келісесіз бе?

Гүлжан МЕЙІРМАНОВА, Археология, этнология және музеология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к.



4. Қазіргі жастар өте білікті, біз «альфа ұрпақты» тәрбиелеп отырмыз. Жастардың білім деңгейі – бұл көптеген факторларға, оның ішінде білім беру жүйесінің сапасына, оқыту әдістеріне, отбасылық ахуалға, әлеуметтік және экономикалық жағдайларға байланысты қалыптасатын күрделі мәселе. Қазақстандағы жастардың білім деңгейі жөнінде жалпы пікір білдірер болсақ, бірқатар жетістіктер мен мәселелерді атауға болады.

• Заманауи білім беру жүйесі: Қазақстанда білім беру жүйесінде көптеген оң өзгерістер байқалады. Жоғары оқу орындарында білім беру сапасы жақсаруда, білім беру бағдарламалары жаңаруда, халықаралық стандарттар мен Болон процесіне сәйкес оқу жүйесі құрылды. Бұл жастарға сапалы білім алу мүмкіндігін арттыруда.

• Инновациялық технологиялар мен цифрландыру: білім беру жүйесіне ақпараттық технологияларды енгізу жастардың білім алу процесін жеңілдетті. Онлайн платформалар мен ресурстар, оқу бағдарламалары мен интерактивті әдістер студенттердің білімін жақсартуға ықпал етеді.

• Ғылыми және халықаралық алмасу мүмкіндіктері: қазақстандық жастарға шетелде оқуға, тәжірибе алмасуға көптеген мүмкіндіктер ұсынылады. Халықаралық стипендиялар мен бағдарламалар жастардың кәсіби және академиялық тұрғыда дамуына көмектеседі.

• Қоғамдық және кәсіби белсенділік: жастардың көптеген әлеуметтік, мәдени және кәсіби жобаларға қатысуы байқалады. Жастардың дені қоғамдық шаралар мен волонтерлік қызметтерге белсенді қатысып, жаңа дағдылармен білім алады. Олардың білім деңгейі, жалпы алғанда, көтеріліп келеді, бірақ кейбір мәселелер де бар. Елдегі жастардың көпшілігі жоғары білім алуға талпынуда, алайда сонымен қатар практикалық дағдылар мен қазіргі заманғы технологиялар бойынша жетілдіруге қажетті бағыттар да бар. Осы мәселелерді шешу арқылы жастардың білім деңгейін жақсартуға болады және бұл оларды еңбек нарығында бәсекеге қабілетті етіп, кәсіби дамуында үлкен мүмкіндік береді.

5. «Қоғам сауатсызданып барады» деген көзқараспен келісу немесе келіспеу мәселесі өте күрделі және түрлі көзқарастарға негізделген. Мұндай пікір көбіне қоғамдағы білім беру сапасының төмендеуі, ақпараттық технологиялардың әсері немесе әлеуметтік теңсіздік салдарынан пайда болған мәселелермен байланысты айтылады. Алайда бұл сұраққа жауап бермес бұрын, сауаттылықтың және қоғамдағы білім деңгейінің қандай аспектілерін қарастыруымыз қажет екенін анықтап алу маңызды.

Гүлзат
НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Әлеуметтік әріптестік жоғары білім беру саласында маңызды рөл атқарып, студенттерге сапалы білім беру мен кәсіби дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Әрі бұл тұрақты даму мақсаттарының 4-ші бағытына да сай келеді. Осы орайда, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің өзара әрекеттестігі ерекше маңызға ие. ҚазҰУ-дың Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы мен І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде онлайн түрде 2-курс студенттеріне арнап «Кәсіпкерлік құқық» пәні бойынша дәрістер өткізілуде.

Білім саласындағы әлеуметтік әріптестік



Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында жүзеге асқан бұл бастама студенттерге кәсіпкерлік құқық саласындағы білімін кеңейтіп тереңдетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бағдарлама Қазақстандағы кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтық реттелуін, кәсіпкерлікті дамыту мен қоғам үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыруға бағытталған. Бұл өз кезегінде студенттердің кәсіби тұрғыдан дамуына әсер етіп, оларды еңбек нарығында бәсекеге қабілетті етіп даярлауға септігін тигізеді.

Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы екі университет арасындағы академиялық ынтымақтастықты нығайтып, елімізде білім беру сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадам. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті арасындағы қарым-қатынастар білім саласындағы әлеуметтік әріптестіктің тиімді үлгісі ретінде көрінеді.

Әлеуметтік әріптестік пен білім беру сапасын арттыру мақсатындағы мұндай бағдарламалар еліміздің білім беру жүйесіне жаңа серпін беріп, жастарды жоғары білікті маман ретінде даярлауға ықпал етеді. Тұтастай алғанда бұл іс-шаралар Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік дамуында кәсіпкерліктің маңыздылығын арттыруға бағытталған ерекше бастама.

Гүлдана ҚУАНАЛИЕВА,
Кеден, қаржы және экологиялық құқық
кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.д.,
профессор

Түркі дүниесінің болашағына нақты қадам

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қабырғасында II халықаралық түркі әлемі географтары конгресі өтті. Бұл жиын тек ғылыми қауымдастық өкілдерінің басқосуы емес, түркі дүниесінің болашағына нақты қадам жасалған маңызды басқосу болды. Конгресс жұмысына Түркия, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Түрікменстан секілді елдердің ғалымдары мен сарапшылары қатысты. Түркі әлемінде бүгінде 200 миллионнан астам адам түркі тілдерінде сөйлейді.

саяси-экономикалық және мәдени байланыстарды күшейтуге бағытталған стратегиялық бағдарлама іспетті.

Түркі әлемінің ғылыми болашағына қатысты конгресс барысында мынадай алты маңызды бастама ұсынылды:

1. Түркітілдес елдерге ортақ ғылыми ұйым құру. Ғалымдар су ресурстарын басқару, экология және ирригация мәселелері бойынша бірлескен ғылыми орталық құруды ұсынды. Бұл ұйым шекаралас өзендерді бірлесе зерттеп, экологиялық қауіпсіздік мәселелерінде мемлекеттер арасында тиімді байланыс орнатады.

2. Бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру. Түркі мемлекеттері арасындағы тәжірибе алмасу мен ғылыми білімді бірге дамыту мақсатында трансшекаралық өзендер, су және табиғи ресурстарды басқару мәселелеріне арналған ортақ жобалар жүзеге асырылады. Бұл экологиялық дағдарыстардың алдын алуға мүмкіндік береді.

3. Түркітілдес елдердің желілік университетін құру. Білім беру саласындағы тағы бір тың идея – бірнеше елдің жоғары оқу орындарын біріктіретін же-



лілік университет ашу. Мұндай бастама студенттер мен оқытушылардың академиялық мобильділігін арттырып, ғылым мен білім саласында жаңа мүмкіндіктер ашады.

4. Географиялық білім беруде ынтымақтастықты күшейту. Түркі халықтарының ортақ географиялық ерекшеліктерін тереңірек таныту мақсатында оқу бағдарламаларына жаңа стандарттар енгізу және инновациялық оқыту әдістерін қолдану ұсынылды.

5. Тарихи-мәдени және табиғи мұраны сақтау. Түркі халықтарының бай мұрасын қорғап қана қоймай, оны туризмді

дамыту арқылы экономиканың қозғаушы күшіне айналдыру қажет екені айтылды. Мұраларымызды сақтау – ұлттық сана мен аймақтық ынтымақтастықтың негізі.

6. Түркітілдес елдер географиясын білім беру бағдарламаларына енгізу. Түркі елдерінің географиясын мектептер мен университеттерде арнайы пән ретінде оқыту ұсынылды. Бұл жаңа буынның туған жер мен түркі дүниесінің табиғи, экономикалық және мәдени байланыстарын терең түсінуіне жол ашады.

Бұл неліктен маңызды? Әлемде табиғи ресурстар үшін

күрес күшейген қазіргі заманда түркі елдерінің бір-бірімен ынтымақтасуы аймақтық тұрақтылық пен тұрақты даму үшін ауадай қажет. Табиғи апаттар, су тапшылығы, экологиялық дағдарыстар – бір елдің ғана емес, бүкіл аймақтың ортақ мәселелері. Бұл түйткілдерді бірлесіп шешу арқылы түркі халықтары өз болашағын қауіпсіз әрі тұрақты ете алады.

Сонымен қатар тарихи және мәдени мұраны сақтау – жаһандану дәуірінде ұлттық бірегейлікті сақтаудың кепілі. Осы тұрғыда қабылданған шешімдер тек ғылымға ғана емес, түркі халықтарының рухани жаңғыруына да тікелей әсер етеді.

Алматыда қабылданған II халықаралық түркі әлемі географтары конгресінің резолюциясы – түркітілдес елдердің ғылым, білім және мәдениет салаларындағы серіктестігінің жаңа белесі. Бұл бастамалар жүзеге асқан жағдайда түркі әлемінің ғылыми интеграциясы ғана емес, жалпы аймақтың тұрақтылығы мен өркендеуі айналысатын нығаяды. Біз бірлесе отырып, көптеген күрделі мәселелерді шешуге қабілетті екенімізді тағы бір мәрте дәлелдедік.

Алдағы жылдары осы тарихи резолюцияның нақты жобалар мен нәтижелерге ұласуына барлық түркі мемлекеттері белсенді атсалысады деп сенеміз. Өйткені ортақ тамырымыз бір, мақсатымыз – берік болашақ құру.

Әлім ТӨЛЕКҰЛЫ,
Базар АҚМОЛДАЕВА,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ оқытушылары

Халықаралық тағылымдама жас ғалымдар мен зерттеушілерге кәсіби тұрғыда көптеген мүмкіндіктер береді. Түрлі елдердің ғалымдарымен белсенді білім мен тәжірибе алмасуға ықпал етеді.

Тағылымдамадан түйгеніміз көп

Тағылымдама барысында біз екі профессордың дәрістерінен бөлек, Анкара Хажы Байрам Вели университетінің оқу кампустарын, кітапханаларын араладық. Анкарадағы ЖОО арасында радио тарату бойынша жарыста Радио, телевизия және кино кафедрасы бірнеше рет жеңімпаз атанған. Группаласымыз Назкен Жансерікованың «Шалқар» радиосында диктор болып жұмыс істейтінін естіп, факультеттің оқытушы-профессорлар құрамы қолқа салып, Назкен тікелей эфир мен таспа хабардың айырмашылығы туралы, сонымен қатар мәтін жазу машығына қатысты кеңесімен бөлісті. Факультет мұрағатына Назкен Жансерікованың дауысын жазып алды. Осылайша екі елдің университеттері арасында ғылыми байланыс бекіді.

Профессор Мехмет Топлу факультетті толық аралатып, болашақ теле және радио журналистердің дайындаған бағдарламаларын, басылымдардағы жариялаған мақалалары мен жарнама және қоғаммен байланыс саласының болашақ түлектерімен таныстырды.

Біздің тағылымдамадан өтуге келген уақытымызды тиімді пайдалануға қос шетелдік жетекші бекітілген жоспар мен жоспардан тыс таныс-



тырылым өткізді. Кітапханада бізге қажетті ашық дереккөздермен жұмыс істеу, зерттеу жүргізу ерекшеліктері мен оның дизайны, ғылыми жұмыс жазу бойынша көптеген ақыл-кеңестерін беріп, ғылыми бағытымызды атап көрсетті.

Профессор Закир Авшар мен Мехмет Топлуды студенттері өте қатты құрметтейтінін, жақсы көретінін байқадық. Әрі жетекшілеріміз біздің жағдайымызды жиі-жиі сұрап, емен-жарқын сұхбаттасу болды.

Бізден бөлек, Ыстамбұл қаласында орналасқан Мармара университетінде тағылымдамадан өтіп жатқан Тұлпар Жәнібек (2-курс) және Л.Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты Ри-

загүл Бәкенованы (2-курс) кездестірдік.

Тағылымдама барысында диссертацияның ғылыми зерттеу нысанынан бөлек, RTÜK-Radyo ve Televizyon Üst Kurulu (Радио және телеарна жоғары кеңесі) қарасты Strateji Geliştirme Dairesi Başkanlığı (Стратегия тағайындау департаменті) маманы, PhD Ахмет Акалыннан теле және радио бағдарламаларының таралу ерекшеліктері туралы статистикалық мәліметтермен танысты. Одан бөлек, BTK- Bilgi Teknolojileri ve İletişim Kurumu (Ақпараттық технологиялар және байланыс басқармасы) сарапшысы, доцент Сүлейман Гунгормен кездесу өткізіп, ақпарат таратудың жаңа медиа-

дағы ерекшеліктері туралы тың ойларымен бөлісті.

Сондай-ақ Тұлпар Жәнібек докторанттарды «Anadolu Ajansı»-ге (AA) алып барды. Ол әлемге 13 тілде хабар таратады. Сонымен қатар жаңалықтар бөлімінің менеджері Джейхун Ализаде мен ағылшын жаңалықтар бас координаторы Сорвар Аламмен жолықтық. Кездесуде ақпарат агенттігі, жаңа медиада ақпарат тарату ерекшеліктері мен жауапкершілігі туралы айтылды.

